

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Нұр-Сұлтан қ.

№85

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Капезов Берлик Еркеневич атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Қазақ соқырлар қоғамының №1 Алматы оқу-өндірістік кәсіпорыны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Ибрагимова Алтынай Конратбаевна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «2020-05-05» жыл № 4256165-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 067-011-414 «Автодело» шеберханасына оқу жабдықтар сатып алу ;

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 26 208 000.00 (жиырма алты миллион екі жүз сегіз мың тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 2 808 000.00 тенге (екі миллион сегіз жүз сегіз мың тенге нөл тиын) (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт 067 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары бюджеттік бағдарламасы, 011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен кіші бағдарламасы, 414 Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу ерекшелігі бойынша - 26 208 000.00 (жиырма алты миллион екі жүз сегіз мың тенге нөл тиын) оның ішінде ҚҚС 2020 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім



берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;

2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);

5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде



өтеуге міндеттенеді.

8) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші



көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 күн ішінде ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 1;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5) Егер Тауар Қазақстанда шығарылған жағдайда, онда белгіленген үлгіде «СТ-KZ» Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі беріледі.

Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда шығарған елдің тиісті органы белгілеген тәртіппен берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе нотариалды расталған көшірмесі беріледі.



5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық



айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2020-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.



8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.3 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.



12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бөлігінде рұқсат беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
г.Нур-Сұлтан, Шоссе Коргалжын, 22
БСН 090940009071
БСК ККМFKZ2A
ЖСК KZ22070102KSN6201000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ
Тел.: 87172570542
Басшысы Капезов Берлик Еркенович

Өнім беруші:

"Қазақ соқырлар қоғамының №1 Алматы оқу-өндірістік кәсіпорыны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
г.Алматы, Муратбаева, 138
БСН/ЖСН 941140001019
БСК CASPKZKA
ЖСК KZ95722S000000012294
"KASPI BANK" АҚ
Тел.: 87079933396
Басшысы Ибрагимова Алтынай
Конратбаевна

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;



ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 4256165-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
067-011-414 : Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу							«Автодело» шеберханасына оқу жабдықтар сатып алу					



34716271-3ЦП1	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Мотор-тестер	автомобиль электр жабдықтарын диагностикалау, бақылау және жөндеуге арналған, портативтік	<p>Диагностикалық тестер. Диагностикалық бағдарламалық қамтамасыз ету жеңіл автомобильдерге (оның ішінде APPs HV жүк автомобильдеріне және жүргізушіге көмек көрсету жүйелеріне) және жеңіл коммерциялық автомобильдерге диагностика жүргізуге мүмкіндік береді . По запросу могут быть интегрированы зоны BIKE и SUPERCAR (спортивные автомобили и автомобили премиум-класса) Диагностикалық интерфейсі берілген USB Bluetooth® антеннасымен толықтай сымсыз жұмыс істейді. IDC 5 диагностикалық бағдарламалық жасақтамасы кез келген стандартты ДК-ға орнатылуы мүмкін. Жетектерді басқару Беспроводная связь по Bluetooth® с диагностическим интерфейсом Өлшеу техникасының (осциллограф және сигнал генераторы) модульімен кеңейту. Bike, OHW, TRUCK және MARINE бағдарламалық интеграциясы бар. SUPERCAR бағдарламалық интеграциясы қол жетімді. қосымша автоматты жанарту функциясы PassThru стандарты Параметрлерді жазу Жеткізу көлемі IDC5 CAR бағдарламалық қамтамасыз ету 16-контактті диагностикалық OBD ажыратқышы бар TXT навигаторы. Bluetooth USB-антеннасы USB-аппараттық кілттер TEXPACK CAR, 12 айға жаңартылған келісімшарт "ТЕКСИНФО" колл-орталығы, 12 ай бойы телефондық диагностикалық көмек. TEXINFO техникалық бюллетеньдер, 12 ай ішінде қол жетімді. TEXINFO іздеу функциясы "түзетілген қателер", кіру 12 ай. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар Жеткізу көлемі. Модулі өлшеу техникасы UNIProbe. Бағдарламалық қамтамасыз ету үшін өлшеу MSS. Төмен кернеулі кабельдер жиынтығы. Ток клеммасы Төмен. Ток клеммасы Жоғары Навигатор үшін белдік. Корпус для хранения Сақтауға арналған корпус</p>	Дана	1	4 928 000.00	80 күнтізбелік күн	80 күнтізбелік күн	Нұр-Сұлтан қ., "Есіл" ауданы Қорғалжын тас жолы 22 (1)	0	4 928 000.00
---------------	---	--------------	---	--	------	---	--------------	--------------------	--------------------	--	---	--------------



34724248-ЗЦП1	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Оқу-зертханалық жабдық	стендтік орында	Отын инжекторының авто электр моделі. Тренажерлер отынды бұрку жүйелерінің ақауларын жою, калибрлеу және пайдалану, теория, қызмет көрсету, техникалық мамандарды оқытуға арналған. Ол толықтай жұмыс істейтін жанармай құю жүйесінен тұрады және отынды айдау жүйесін пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша оқу курсы, студенттердің жұмыс парақтарын және техникалық қызметкерлерге арналған нұсқаулықты қамтиды. Қозғалтқышты басқарудың функционалдық жүйесі мобильді алюминий рамада орнатылуы тиіс. Техникалық сипаттамалары мен функциялары: - Бензинді көп нүктелі бұрку жүйесі бар қозғалтқышты басқарудың интеграцияланған жүйесі (MPI); - Отынмен жабдықтау жүйесінің жұмысына, жіберілетін жанармайдың мөлшеріне, атомизация сапасына, отын сорғысындағы жанармай қысымына мониторинг жүргізу; - Отын сорғысы оның жұмысын көруге мүмкіндік беретін мөлдір бактарға салынған; - Ауаның реттелетін шығынының имитаторы ауаның жаппай шығын өлшегішінің және ауа температурасы датчигінің функциясын көрсетеді; - Оталдыру шамдары жұмысының көрінетін процесі; - Жоғары кернеуді өлшеу үшін жеңіл қол жеткізу; - Қозғалтқыш иінді білігінің айналу жылдамдығын қолмен реттеу; - Ауа отын қоспасын оттегі датчигі сигналдарының тренажері арқылы өзгерту мүмкіндігі; - Оқу стендінде бензинді бұрку көп нүктелі жүйесінің толық электр схемасы бар. (MPI); - Жүйенің ақаулықтарының кодтарын өлшеу және ынталандыру үшін кіріктірілген штекер аралық электр схемасы; - Штекерлік бөгеттерді ажырату арқылы 20-дан астам ақаулықты ынталандыру мүмкіндігі; Диагностикалық және өлшеу осциллограф/мультиметр - Жүйелік параметрлер қосқышқа қосылған кезде өлшенеді. - Жүйенің әр компонентінің (мысалы, датчик немесе жетек) электрлік сигнал параметрлерін өлшеу мүмкіндігі. - Оталдыру жүйесінің жоғары вольтты тізбегін өлшеу мүмкіндігі	Дана	1	3 248 000.00	80 күнтізбелік күн	80 күнтізбелік күн	Нұр-Сұлтан қ., "Есіл" ауданы Қорғалжын тас жолы 22 (1)	0	3 248 000.00
---------------	---	------------------------	-----------------	---	------	---	--------------	--------------------	--------------------	--	---	--------------



34716443-ЗЦП1	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қозғалтқыш	іштен жанатын, карбюраторлы, цилиндрдің жұмыс көлемі 1000 см3-тан артық, 4 цилиндр	Бензинді қозғалтқыштың және автоматты беріліс қорабының жаттығу стенді. Техникалық сипаттамалары: Өлшемдері: 1260x850x1860мм кем емес Өнім сипаттамасы: Стенд электронды басқарылатын және автоматты беріліс қорабы бар бензин қозғалтқышының негізгі принциптері мен құрылымын көрсетеді және оның жұмысын симуляциялайды. Жиынтығы: Бензин қозғалтқышын құрастыру 1 дана Беріліс қорабын құрастыру 1 дана Қозғалтқышты басқару блогы 1 дана Аспаптық тақта 1 дана Ақаулықтарды енгізу модулі 1 дана Батарея 1 дана Принципті схемамен оқу панелі 1 дана Борттық диагностика, орындықтардың диагностикасы. 1 дана Қозғалтқышты іске қосу үшін қосалқы аксессуарлар 1 дана Мобильді стенд 1 дана Негізгі функциялары: Электрондық басқару және автоматты беріліс қорабы бар нақты жұмыс істейтін бензин қозғалтқышы; Панельде орнатылған жарық диодтары жылдамдықты жоғалтуда өзгерістерді көрсету үшін пайдаланылады. Стенд жылдамдықтың жоғалуын және автоматты трансмиссияның кідіруін тексере алады. Стендке орнатылған диагностикалық қондырғыны арнайы немесе әмбебап авто декодерге қосуға болады. Сондай-ақ, электрондық басқару жүйесінен ақаулық кодтарын оқу, ақаулық кодтарын тазарту және деректер ағынын оқу сияқты өзіндік диагностика функцияларын орындауға болады.	Дана	1	4 816 000.00	80 күнтізбелік күн	80 күнтізбелік күн	Нұр-Сұлтан қ., "Есіл" ауданы Қорғалжын тас жолы 22 (1)	0	4 816 000.00
---------------	---	------------	--	--	------	---	--------------	--------------------	--------------------	--	---	--------------



34716363-ЗЦП1	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Жөндеу стенді	қозғалтқыштарды бөлшектеу-құрастыру, жөндеу үшін	<p>Қозғалтқышты іске қосу және бөлшектеу бойынша жаттығуларға арналған автомобильдік стенд. Техникалық сипаттамасы: Өлшемдері: Мобильный стенд: 1100x700x1100мм кем емес; Тақта: 1000x600x1100мм кем емес Өнім сипаттамсы: Тренажер дизельді немесе бензинді қозғалтқыштың негізгі принциптері мен құрылымдарын көрсетеді. Ол қозғалтқышты дезинтеграциялау, қайта жабдықтау, пайдалануға енгізу, пайдалану және тексеру үшін пайдаланылады. Комплект: Қозғалтқышты құрастыру 1дана Қозғалтқышты басқару блогы 1дана Аспаптық тақта 1дана Ақаулықтарды енгізу модулі 1дана Батарея 1дана Принципті схемамен оқу панелі 1дана Борттық диагностика, орындықтардың диагностикасы 1дана Қозғалтқышты іске қосу үшін қосалқы аксессуарлар 1дана Мобильді стенд 1дана Кронштейн 1дана Негізгі функциялары: Тренажерде дизельді немесе бензин қозғалтқышы және тиісті қосалқы бөлшектер қолданылады. Қозғалтқыш құрылымын және басқару жүйесін түсінуге үйрету үшін қолайлы. Бөлшектеу станциясы негіз, қайырмалы раманы, жылдамдық редукторын және май жинағышты қамтиды. Қозғалтқыш бөлшектеу процесінде 360 градусқа бұрылып, кез келген бұрышта тұрақты қалуы мүмкін, бұл бөлшектеу жұмысын өте жеңіл етеді. Қозғалтқыш тізбекке, майға, газға, жолға және қозғалтқыш панеліндегі су жолына қосылған кезде жұмыс істей алады. Білім алушылар қозғалтқышты іске қосып, қозғалтқышты іске қосу, бос жүріс, жеделдету және баяулату сияқты жағдайларда жұмыс істеу бойынша практикалық дайындықтан өте алады. Панельде электр басқару тізбегін табу клеммалары, аспаптардың комбинациясы және түпнұсқа автомобильдің диагностикасы орнатылған. Мысалы, электрондық басқару блогынан ақаулық кодын оқу және деректер ағынын тексеру сияқты өзіндік диагностика функциялары компьютерлік сынақ жабдығының көмегімен орындалуы мүмкін.</p>	Дана	1	4 480 000.00	80 күнтізбелік күн	80 күнтізбелік күн	Нұр-Сұлтан қ., "Есіл" ауданы Қорғалжын тас жолы 22 (1)	0	4 480 000.00
---------------	---	---------------	--	---	------	---	--------------	--------------------	--------------------	--	---	--------------



34716438-ЗЦП1	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қозғалтқыш	іштен жанатын, дизельдік, қуаты 250 л.с артық емес, 4 цилиндр	Қозғалтқышты іске қосу және бөлшектеу бойынша жаттығуларға арналған автомобильдік стенд. Техникалық сипаттамалары: 1. Өлшемдері: 1500x1000x1800мм кем емес 2. Жұмыс үшін температуралар: -40°C~50°C Өнім сипаттамасы: Тренажер электронды басқарылатын дизель қозғалтқышының негізгі принциптері мен құрылымын көрсетеді және оның жұмысын үлгілейді. Жиынтығы: Дизельді қозғалтқышты құрастыру 1 дана Қозғалтқышты басқару блогы 1 дана Аспаптық тақта 1 дана Ақаулықтарды енгізу модулі 1 дана Батарея 1 дана Принципті схемамен оқу панелі 1 дана Қозғалтқышты іске қосу үшін қосалқы аксессуарлар 1 дана Мобильді стенд 1 дана Негізгі функциялары: Қозғалтқыш ақаусыз және тегіс жұмыс істейді. Ол шын мәнінде электрондық басқарумен дизель қозғалтқышының құрылымы мен жұмыс процесін көрсете алады. Зертханалық стендте орнатылған манометр отын деңгейін көрсетеді Сандық өлшеуіш әрбір датчиктің кернеуінің өзгеруін көрсетеді. Зертханалық стендте орнатылған манометр кіре берістегі қысымды көрсетеді. Инжектордың импульсі және дроссельді жапқыштың ашылу деңгейінің өзгеру шамасы жарықдиодты шамдармен анық көрсетіледі. Зертханалық стенд толық ағысты электрондық басқару схемасы мен табу терминалы болып табылады. Әр түрлі датчиктер, атқарушы механизмдер және сигналдың басқа параметрлері, кернеу, кедергі, жиілік және т.б. аспаптармен табылуы мүмкін.	Дана	1	3 024 000.00	80 күнтізбелік күн	80 күнтізбелік күн	Нұр-Сұлтан қ., "Есіл" ауданы Қорғалжын тас жолы 22 (1)	0	3 024 000.00
---------------	---	------------	---	---	------	---	--------------	--------------------	--------------------	--	---	--------------



34716358-ЗЦП1	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Кәсіптік-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Мамандандырылған стенд	дөңгелек жұптарының шамшат тораптарының мойынтіректерін дiрiл диагностикалауға арналған	Компьютерлік, 4 инфрақызыл (CC D) датчигі 2 алдыңғы өлшеу бастиегіндегі. Екі артқы сымсыз инфрақызыл шағылыстырғыш Шина. Артқы осьтердің параметрлерін өлшеу мүмкіндігі (алдыңғы өлшеу бастиектерін артқы дөңгелектерге ауыстырғанда). Алдыңғы өлшеу бастиектері мен тұрақты басқару арасындағы деректерді сым бойынша беру. Доңғалақ дискілерінің соғылуын өтеу рәсімін осьті ілмей - илектеу әдісімен орындау мүмкіндігі (доңғалақтың бұрылу бұрышында - барлығы 30 градусқа, бұрылу бұрышын бастарына кіріктірілген электрондық датчиктермен бақылау мүмкіндігі бар). Деректер қоры-90000-нан астам автомобиль (пайдаланушының өзінің пернетақтадан толтыру мүмкіндігімен). Интернет арқылы деректер базасын жаңарту (бөлек сатып алынады). Төмен алдыңғы құлауы (төмен алдыңғы спойлерлер) бар автомобильдермен жұмыс істеуге арналған бағдарлама - спойлер-адаптерлерді қолданбай. Windows операциялық жүйесі бар PC, стендтің бағдарламалық қамтамасыз етуі русифицирленген. 2 алдыңғы өлшеу бастары. 10 - 24 қысу диапазоны бар 2 Өмбебап Төрт нүктелі дөңгелекті адаптерлер жиынтығы. Екі артқы сымсыз инфрақызыл шағылыстырғыш Шина. Рульдің фиксаторлары және тежегіш педаль. Дөңгелекті адаптерлер ауқымы : 10-24 Монитор : 19 TFT Жиынтықта д. У. пультінің болуы : жоқ. Ескерту: өлшеу басындағы пернелер арқылы д. У. мүмкіндігі бар Жиынтық кіру бұрыштарын өлшеу диапазоны, градус: + / -2 Жиынтық енуді өлшеу дәлдігі, минут: + / -3 Бұрышын өлшеу диапазоны, градус: + / -3 Өлшеудің дәлдігі, минут: + / -2 Кастерді өлшеу диапазоны, градус: + / -10 Кастерді, минутты өлшеу дәлдігі: + / -5 Электр қуаты: 230В, 1Ф, 50 Гц. Сипаттамалары Жүк көтергіштігі, т. 6,5 көтерілу биіктігі, мм 1 915 көтергіштің Биіктігі, мм 2 185 платформаның ұзындығы, мм 5 500 траптармен ұзындығы, мм 6 528 бағаналар арасындағы қашықтық, мм 2 946 көтергіштің Ені, мм 3 324 платформалар Ені, мм 508 платформалар арасындағы қашықтық, мм 1 394 көтеру уақыты, сек 60 қуаты 3,2 кВт 380В салмағы, кг 1 520	Комплект	1	5 712 000.00	80 күнтізбелік күн	80 күнтізбелік күн	Нұр-Сұлтан қ., "Есіл" ауданы Қорғалжын тас жолы 22 (1)	0	5 712 000.00
---------------	---	------------------------	---	---	----------	---	--------------	--------------------	--------------------	--	---	--------------



Договор о государственных закупках товаров

г.Нур-Султан

№85

Коммунальное государственное учреждение "Профессионально-технический колледж" акимата города Нур-Султан, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Руководитель Капезов Берлик Еркенович, действующий на основании Устава, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "Алматинское учебно-производственное предприятие №1 Казахского общества слепых", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Ибрагимова Алтынай Конратбаевна, действующий на основании устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Запрос ценовых предложений» от 2020-05-05 года № 4256165-ЗЦП1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: по специфике 067-011-414 Приобретение учебных оборудования для мастерских «Автодело»;

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) условия поставки закупаемых товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

